

Бюджеттің атқарылуының кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 16 қаңтардағы № 8 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 ақпанда № 5737 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 7 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 20.01.2020 № 7 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық бюджетке түсетін түсімдердің алынуына, артық (қате) төленген соманың бюджеттен қайтарылуына және (немесе) есепке алынуына жауапты және салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан, трансферттерден, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларынан, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, қарыздардан түсетін түсімдердің бюджетке түсуін бақылауды жүзеге асыруға жауапты уәкілетті органдардың тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазалы ауданы әкімінің орынбасары С.Бабанаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

Н. ШАМУРАТОВ

Қазалы ауданы әкімдігінің
2017 жылғы "16" қаңтардағы
№ 8 қаулысына қосымша

Аудандық бюджетке түсетін түсімдердің алынуына, артық (қате) төленген соманың бюджеттен қайтарылуына және (немесе) есепке алынуына жауапты және салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан, трансферттерден, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларынан, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, қарыздардан түсетін түсімдердің бюджетке түсуін бақылауды жүзеге асыруға жауапты уәкілетті органдардың тізбесі

№	Уәкілетті органдар	БСК*	Аудандық бюджетке түсетін түсімдердің атауы*
1	"Қазалы ауданының қаржы бөлімі " коммуналдық мемлекеттік мекемесі	201102	Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері
2		201302	Коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне берілетін дивидендтер
3		201508	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер
4		201907	Иесіз мүлікті, белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткен мүлікті, қадағалаусыз жануарларды, олжаларды, сондай-ақ мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен мүлікті сатудан алынатын түсімдер
5		201910	Коммуналдық меншігіне жататын жер учаскелері бойынша сервитут үшін төлемақы
6		301102	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер
7		301103	Азаматтарға пәтерлер сатудан түсетін түсімдер
8		402101	Ағымдағы нысаналы трансферттер
9		402102	Нысаналы даму трансферттері
10		402103	Субвенциялар
11		402201	Ағымдағы нысаналы трансферттер
12		402202	Нысаналы даму трансферттері
13		402203	Субвенциялар
14		501106	Мамандандырылған ұйымдарға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу
15		601102	Коммуналдық меншіктегі заңды тұлғалардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын сатудан түсетін түсімдер
16		601105	Мүліктік кешен түріндегі коммуналдық мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарды және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жіргізуіндегі өзге мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін түсімдер
17		701203	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар
18		202102	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер
19		203102	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақшаның түсімі
20		204114	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар

21	Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар	204116	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар
22		204118	Мамандандырылған ұйымдарға, жеке тұлғаларға бюджеттік кредиттер (карыздар) бойынша жергілікті бюджеттен берілген айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар
23		206105	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің дебиторлық, депоненттік берешегінің түсімі
24		206107	Бұрын жергілікті бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражаттардың қайтарылуы
25		206109	Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер
26		206110	Мүлікті жария еткені үшін алым
27	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің аппараттары	204154	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алуларды қоспағанда ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар
28	"Қазалы аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	201509	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы мемлекеттік мүлікті жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі тұрғын үй қорынан үйлерді жалға беруден түсетін кірістер
29		201703	Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар
30		201713	Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар
31	"Қазалы ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	201718	Мамандандырылған ұйымдарды қоспағанда, жергілікті бюджеттен заңды тұлғаларға берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар
32		201706	Мамандандырылған ұйымдарға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар
33		501113	Жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу
34		501121	Мамандандырылған ұйымдарды қоспағанда, жергілікті бюджеттен заңды тұлғаларға берілген бюджеттік кредиттерді өтеу
35		303101	Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер
36	"Аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі	303102	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер
37		303202	Жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлем
	"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қызылорда		

38	облысы әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің филиалы "Қазалы ауданының аумақтық бөлімі"	204103	Атқарушылық санкция
39	Қазалы аудандық сотының кеңсесі	204142	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді және салық салу саласындағы құқық бұзушылықтарды қоспағанда, сот төрағасы немесе сот отырысында төрағалық етуші уәкілдік берген сот орындаушылары, сот приставтары және соттардың басқа да қызметкерлері, салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар
40	"Қызылорда облысының Ішкі істер Департаменті Қазалы ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі	204106	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың ішкі істер департаменттері, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар

Ескерту: *аудандық бюджетке түсетін түсімдердің атауы "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 9756 нөмірімен тіркелген) сәйкес жазылды. Аудандық бюджетке түсетін түсімдер "Бюджет түсімдерін бюджеттер деңгейлері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты арасында бөлу кестесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 404 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 9760 нөмірімен тіркелген) сәйкес ескеріледі.

*БСК – Бюджеттік сыныптама кодтары.